

Құрбан айт мұбәрақ болсын!

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ - ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЗАҢ

БЛАГО НАРОДА - ВЫСШИЙ ЗАКОН



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 38 (884)

24 қыркүйек 2015 жыл

Бейсенбі

Құрметті қараталдықтар, қадірлі жерлестері!

Сіздерді әлемдегі барша мұсылмандар қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Адалдықты, мейрімділікті, жақын адамдарға қамқорлық жасауды ұстанатын әрбір мұсылман үшін осы мереке ислам әлеміндегі ең маңызды мерекелердің және жалпы адамзаттық ізгі дәстүрлердің биік шыңдарының бірі болып табылады. Ислам діні барлық істе салиқалылық пен сабырлылыққа үндейді. Адамзаттың ізгі құндылықтарын уағыздайтын ата дініміз шектен шығуға, өзгеге қиянат жасауға жол бермейді. Ұлысты ұйыстыратын осы ұлағатты дінді халқымыз өз ұлттық дәстүрімен үйлестіріп, ғасырлар бойы бекем ұстанып келеді. Дәстүрлі дініміз Тәуелсіздікпен бірге түлеп, халқымызға қайтып оралды. Бүгінде бейбітшілік белдеуіне айналған Қазақстанда ислам діні кеңінен қанат жайып келеді. Жүзден астам ұлттар мен ұлыстар бір шаңырақтың астында береке-бірлікпен жатқан Қазақстан секілді көпұлтты мемлекет үшін бұл мерекенің орны ерекше. Бұл күнді барша мұсылман бауырларымыз асыға күтеді. Ата-баба дәстүрімен үндестігін тауып келе жатқан бұл мейрам демалыс күні деп жарияланған. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың парасатты, салиқалы саясатының арқасында Қазақстан экономикада, әлеуметтік және мәдени өмірінде үлкен жетістіктерге жетті. Елде барлық ұлттар мен конфессия арасындағы өзара түсіністікке негізделген діни жаңару бойынша стратегиялық міндеттер мен максаттар белгіленді. Қадірменді ағайын! Қымбатты мұсылман бауырлар! Қасиетті Құрбан айт мерекесі әрбір шаңыраққа береке мен қуаныш, бейбітшілік пен сәттілік әкелсін. Баршаларыңызға мықты денсаулық, бақыт, мерекелі көңіл-күй және имандылық тілейміз! Құрбан айт мұбәрақ болсын!

Аудан әкімі **Қ.БИСЕМБАЕВ**,
мәслихат хатшысы **Б. СМАИЛОВ**

Құрбан айт құтты болсын!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Құрметті бауырлар! Баршаңызды мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Құрбан айт мейрамымен құттықтаймын! Айтқа аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтаулар болсын!

Халқымыздың сан ғасырдан бергі саналы ғұмырында рухани тірек болған асыл дініміздегі айтулы мереке – Құрбан айт мейрамы айрықша аталып келеді. Ұлттар мен ұлыстарды бірлік пен игілікке, мейірім мен кешірімге бастаған мұбәрақ мейрам – Құрбан айт құтты болсын! Айт – ағайын арасын жақындастыра түсетін, адамзат баласын имандылыққа ұйытып, қанағат пен тәубеге үндейтін ұлық мереке. Бұл күндері барша мұсылман ізгі амалымен Алланың разылығына бөленеді. Айт күндері қасиетті Меккеде қажылық парызын өтеп жатқан мұсылман үмбеті Жаратушыға жалбарына дұға жасап, құрбандық шалады.

Қаржылық мүмкіндігі жоқ адамға құрбан шалу – міндет емес. Құрбандық еті ағайын-

В последнее воскресенье сентября в Казахстане отмечается День труда. В этот день по организациям и предприятиям страны прокатится волна праздничных мероприятий, которые направлены на сплочение коллективов, укрепление корпоративного духа. В рамках мероприятий приурочены чествования ветеранов труда.

туыс, көрші-қолаң, тұрмысы төмен отбасыларына, жетім мен жесірлерге, мүгедектер мен науқас жандарға таратылады. Алланың разылығы үшін құрбан шалу – пенденің иманын күшейтіп, тақуалығын арттырады. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректөріңізге ұялаған тақуалық, Аллаға деген құрмет» («Хаж» сүресі, 37-аят), – деп баяндалған.

Мұбәрақ мейрамның құрметі үшін барша жамағатты, азаматтарды мүгедектер, жетімдер мен жесірлер, әсіресе қараусыз қалған ата-аналарға қайырымдылық жасауға шақырамын. Алла Тағала дұға-тілектеріміз бен ізгі амалдарымызды және шалған құрбандықтарымызды қабыл еткелі! Отбасыларыңызға амандық, зор денсаулық, жұмыстарыңызға береке тілеймін.

Ержан қажы **МАЛҒАЖЫҰЛЫ**,
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы,
Бас мүфти

Бастау - ақпарат

2015 жылдың тамызында Қаратал ауданы әкімі Қайрат Бисембаев Айту би ауылдық округіне барып «АгроИнвестКаратал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмыстарымен танысты. Серіктестікте «Бордақлау комплексі және ет өңдеу цехы» жобасы іске асырылуда. 1,8 млрд теңгенің құнын құрайтын аталған жоба «КазАгро-Финанс» АҚ қарастырылуда. Ағымдағы жылдың аяғына дейін 17 баздың және қосалқы ғимараттардың күрделі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталатыны жоспарлануда. Қараша айында алғашқы 1200 шошқа аналықтары мен салмақтары 20-22 кг құрайтын 4500 бас торапай жеткізілетіні күтілуде. 2016 жылы қосымша 26 баздың күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ай сайын 4500 бас торапай жеткізілетіні жоспарлануда. 2018 жылы толық қуаттылығына шығуға жоспарланған серіктестіктің өндірістің қуаттылығы жылына 160,0 мың бас шошқаны құрайды. Серіктестікте жаңа жұмыс орынымен 100-120 адамды қамту жоспарлануда.

Недавню в войсковой части 55078 прошло общее собрание военнослужащих на котором были обсуждены вопросы осуждения и недопущения суицида. На собрание были приглашены имам Караталского района А.Таласбай, инспектор отдела ГУ «Управление по делам религии Алматинской области» КГУ «Центр исследования проблем религии» А. Шпекбаев, главный специалист ГУ «Отдел внутренней политики» района М.Сырлыбаев. Гости, выступившие перед собравшимися говорили о недопустимости самовольного ухода из жизни. В частности, о проблеме с точки зрения мировых религий рассказал Абудардан Таласбай. А. Шпекбаев озвучил статистические данные о численности и деятельности зарегистрированных религиозных сект в Алматинской области. Председательствующий Мадид Нуралинович, подводя итог собрания подчеркнул, что Вооруженные Силы и религия - это разные вещи и у военнослужащих Вооруженных Сил Республики Казахстан на первом месте должны быть верность воинскому долгу, защита Родины, соблюдение Конституции РК, а также напомнил военнослужащим о неприемлемости суицида в армейской среде. Кроме того, командир части указал командирам подразделений о необходимости работы с личным составом по изучению морально-психологического состояния военнослужащих, их проблем как на службе, так и в быту.

Қаратал аудандық сотында «Ана тілім – мемлекетімнің болашағы» атты байқау ұйымдастырылды. Байқау Қазақстан халқының тілдері күні қарсаңында «Тілдерді қолдану мен дамыту» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында ұйымдастырылды. Шараға аудандық соттың кеңсе қызметкерлері қатысты. Байқауға қатысушылар мемлекеттік тілде қазақтың мақал-мәтелдерін айтып шешендік өнерлерін көрсетіп, сайыс көрігін қыздыра түсті. Шараға қатысушылардың барлығы дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Мерекелі шараны қорытындылай келе, Қаратал аудандық соты төрағасының м.а. судья Ж.Нүсіпова қатысушыларға белсенді қатысып, атсалысқандары үшін алғысын білдірді.

БАТЫР ӨТТІ ӨМІРДЕН...

Иван Васильевич Косенков өткен ғасырдың ортасына таяу бүркі ете қалған, миллиондаған адамның өмірін жалмаған екінші дүние жүзілік, ізінше Отан соғысы атанған қанды майданның жаужүрек батыры еді. От жалынды Отан соғысына (1941-1945ж.) қатысып, Кеңес Одағының батыры атағына ие болған Қазақстандық 580 «Алтын жұлдыз» иегерінің кешегі Жеңістің 70 жылдығы мерекесіне дін аман қатысып, той дастарханынан дәм татқан, Жеңіс құрметіне орай атылған отшашудың, мемлекеттің қатары сиреген майдангерлерге көрсеткен қамқорлығын сезінген кеудесі құрыш, тау мүсіндердің бірегейі болатын. Мына бүгінгі бейбіт заманда тоқсан деген белесті бағындырған, тоқсан екі жасқа қадам басқан қарт жауынгер екінің бірінің бойында ұшыраса бермейтін адамгершілік пен қарапайымдылық деген ізгі қасиеттің жарқын үлгісі саналды. «Мүз жастанып, қар жамылған, белуардан қан кешкен, ажалмен бетпе-бет келген батырмын», - деп кеуде соққан, даңдайсыған, міндетсінген, салмақ салған кезі болмағ емес. Намыстың қамшыгері, ардың құлы болды. Мағыналы ғұмыр кешті.



Сұрапыл соғыста алған үш бірдей жарақатынан емделіп, жазылғаннан соң 1951 жылы кіндік қаны тамған Семей өңірінен қасиетті Қаратал жеріне қоныс аударып, ірге тепті. Алматы ағаш көшеттерін отырғызу дистанциясында шебер болып еңбек етті. Алтын асықтай ұл мен қыз өсірді. Бертіңде олардан төрт немере, бес шөбере сүйді. «Қаратал ауданының Құрметті азаматы», «Құрметті теміржолшысы» атағын иеленді. Көзінің тірісінде-ақ, Үштөбе қаласындағы көшенің біріне батыр есімі берілді. Тәу етер тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен бергі кезеңде даңқты батыр Иван Васильевичтің жастарды Отан сүйіштікке баулып, патриоттық тәрбие берудегі және Отан алдындағы өлшеусіз еңбегі Үкімет тарапынан жоғары бағаланды. Жауынгерлік наградасының қатары туған мемлекетіміздің «Құрмет», екінші дәрежелі «Барыс» ордені және «Ерен ерлігі үшін», «ҚР тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалімен толықты. ТМД елдері майдангерлеріне арналған «Жуков» ордені тағы бар.

Озбайтын өмір, тозбайтын темір жоқ екені белгілі. Қыркүйектің 18-де қарт жауынгердің отты көріп, оқты сезінген жүрегі соғуын тоқтатты. Жиырмасыншы қыркүйекте Алматы облысы мен Қаратал жұртшылығының өкілдері, Үштөбелік жерлестері соғыстың соңғы батыры Иван Косенковты ақтық сапарға қимастық сезіммен шығарып салды. Үштөбе қаласы орталық демалыс саябағындағы Даңқ мемориалы

жанында қаралы митинг өтті. Батырмен қоштасуға арналған жиынды аудан әкімі Қ.Бисембаев ашып, марқұмның жауынгерлік және еңбек жолына тебіреністі жағдайда қысқаша тоқталды. Даңқты батырды соңғы сапарға шығарып салуға арналып келген облыс әкімі А.Баталов Кеңес Одағының батыры Иван Васильевичтің қазасы облыс жұртшылығы үшін орны толмас қаза екендігін айта келіп, оның отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтты. Соғыстағы және бейбіт замандағы ерен еңбегіне тоқталып өтті. Алматы қаласының әкімі Б.Байбек пен Республикалық «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары А.Мырзахметовтің көңіл айту жеделхатын оқып берді. Мұнан соң ҚР Қарулы күштері ардагерлері Кеңес облыстық филиалының төрағасы, запарғағы полковник Ж.Мұхаметқалиев, аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы С.Беков, Үштөбе гарнизонының бастығы полковник М.Байсеитов пен батырдың немересі А.Черемных, тебіріне сөз сөйледі. Осылайша қараталдықтар баршамызға бейбіт күн сыйлаған, еліміздің айыбы мен ерліктің туына, мақтанышына айналған жерлес, ардақты азаматтың гүл шоғына орап, ақтық сапарға қимас көңілмен шығарып салды. Батыр өзінің мәңгілік тұрағын қасиетті Қаратал топырағынан тапты. Топырағын торқа, иманың көміл болсын күркіреп күнде өткен, лаулаған отты, атылған оқты екінші дүние жүзілік соғыстың қазақ топырағындағы соңғы батыры! Бақұл бол! **Қ. ҚОНЫСУЛЫ.**

Мерекеден репортаж

Аптаның дүйсенбісінде аудандық Мәдениет үйінде «Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне арналған рухани шара болып өтті. Мерекелі кеш басталар алдында шараға қатысушылар кіреберіс дәлізіндегі аудандық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастырған кітап көрмесін тамашалап, әдістемелік құралдармен танысты. Сәні мен салтанаты келісген қос жүргізуші әсем безендірілген сахна төріне көтеріліп: Жүйрік те өткен не дүлдүл, жорға да өткен, өсиетті ойларын толғап өткен. Ата жұртын сүйгендер – ана тілін, намысымен, арымен қорғап өткен! деген өлең жолдары арқылы кеш шымылдығын түрді.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ АСҚАҚТАДЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде мемлекеттік тіл – бүгінгі таңда барша Қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы болып отырғанын айрықша атап көрсетті. Тілдің тірегі де, оның көк жиегін кеңейтуші де жас ұрпақ. Ана тілін ана сүтімен бойына дарытқан жастар ғана бабалар аманатына адалдық танытады. Елін, Отанын сүйетін патриоттарды тек ана тілінің құдіреті арқылы тәрбиелей аламыз, олтәрбие алдымен отбасында және балабақшада басталады. Сондықтан да көрермендер назарына №25 балабақша тәрбиеленушілерінің «Сүйемін ана тілім – қазақ тілін» атты құттықтауы ұсынылды. Күмістей сыңғырлаған үндерімен, былдырлаған бал тілдерімен мемлекеттік тілдің мерейін өсірген балғындар көпшілік қошеметіне бөленді. Қаратал жұртшылығын айтулы мерекемен құттықтаған аудан әкімі Қайрат Бисембаев тіл ахуалына кеңінен тоқтала келіп, «...осыдан 10 жыл бұрын мемлекеттік тілдің қолданылу аясы 30-50% ғана болса, қазір бұл көрсеткіш 100% - ға жуықтады. Тіл жанашырларының арқасында ономастика мәселесі де шешіліп, даму үстінде. Үш тұғырлы тіл мәселесі бір жолға қойылған. Қазір тіл үйренемін деушілерге ешқандай кедергі жоқ, керісінше, барлық жағдай жасалуда, барынша қолдау көрсетілуде. Сондықтан да, баршаңызды Қазақстан халқы тілдерінің күнімен құттықтай отырып, мемлекеттік тілдің қолдану аясы байытылып, тұғыры биік болып, өз дәрежесіне жетіп, кемелдене түссін дегім келеді» - деді. Содан соң өңір басшысы мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатуға елеулі үлес қосып, мәдениет және тіл шараларына белсене қатысқандары үшін: «Қаратал ауданының білім бөлімі» ММ, «ҚР ауыл-шаруашылығы министрлігі ветеринариялық қадағалау және бақылау комитеті» ММ, «Балпық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы», аудандық «Қаратал» газетінің, Б.Римова атындағы ОМГ-ның, А.Пушкин атындағы ОМ ұжымдарын сол сияқты Б.Римова атындағы ОМГ-ның мұғалімдері Ө. Садықова мен Б. Тыналинаны, А.Пушкин атындағы ОМ мұғалімі Г. Нұрқабыланованы, М.Горький атындағы ОМ-нің шағын орталық тәрбиешісі Н. Сун-чин-янованы, Панфилов атындағы ОМ шағын орталығының тәрбиешісі Ы. Құсайынованы Алғыс хатпен марапаттады және Ұлттық тәстілеу орталығы тарапынан өткізілген қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі ҚАЗТЕСТ сынағында ең жоғары балл алған бір топ қызметкерлер: А.Оразоваға, М.Сырлыбаеваға, М.Тлеубайұлына, Ж.Ахатаеваға, М.Ахметқалиеваға, Харипхан Байдоллаға сертификаттар табыстады. Мінбеге көтерілген ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жекен Теберіков тілдік ахуал мен қазіргі жағдайы, тіл мәртебесін асқақтату мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар мен жетістіктер жайында жан-жақты баяндады.

Келесі кезекте Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты «Қазыбектің тапқырлығы» атты қойылымды А.Пушкин атындағы ОМ оқушылары сахналады. Артынша, тіл жанашыры, аудандағы тіл және мәдени іс-шаралардың белсендісі №13 орта мектебінің ұстазы Құмдәулет Құрсабаев жүрекжарды тілегін өлең жолдары арқылы ақтарды. Өз кезегінде сахна төріне көтерілген «Көркем сөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы» байқауының жеңімпазы Салтанат Байбосынова О.Бөкейдің «Апамның астауы» прозасынан үзіндіні кемеліне келтіре орындап шықты. Шығарманың мазмұнын аша, жүректен жүрекке жеткізе білген өнерпазға қошемет көрсеткен қауымның бірсыпырасы еріксіз кездеріне жас алып жатты. Сахна шырайын келтірген келесі өрнеміз «Тіл – парасат» атты орыс жастары арасында қазақ тілі білгірлерінің байқауында II орынды иеленген Б.Римова атындағы ОМГ-ның 10 сынып оқушысы Антонина Ерастова М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін жатқа оқыды. «Күй өрілер домбыраның пернесіне, кімді қояр тәтті күй келмесіне» деп майталман күйші Аманжол Дүйсенбеков сазгер Н.Тілендиевтің «Өлкіссә» күйін күмбірлетіп, көпшілікті бір серпілтіп тастады. Тіл мерекесін концерттік нөмірлер мен басқа да құттықтаулар жалғастырды.

С. ДӨРКЕНБАЕВА

Пресс-конференция в прямом эфире

Недавно в доме журналистов города Талдыкорган состоялось торжественное открытие филиала Службы центральных коммуникаций при Президенте Республики Казахстан. Первый брифинг с участием СМИ регионов и области был посвящен социально-экономическому развитию Алматинской области, с которыми присутствующих ознакомил заместитель акима области Серик Турдалиев.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ
СЛУЖБА ЦЕНТРАЛЬНЫХ КОММУНИКАЦИЙ КАЗАХСТАНА
CENTRAL COMMUNICATIONS SERVICE OF KAZAKHSTAN



Как следовало из доклада, общая ситуация характеризуется положительными показателями, поступательная динамика отмечена во всех сферах и направлениях. Так, объем промышленного производства составил 352,3 миллиарда тенге, что намного выше соответствующего уровня 2014 года. Введено в эксплуатацию 25 новых и расширено 8 действующих производств, только в промышленности создано дополнительно 1200 рабочих мест. В рамках Карты индустриализации реализованы 48 крупных проектов, создано свыше семи тысяч новых рабочих мест.

Активно развивается малый и средний бизнес. На 3,8 % возросло количество действующих субъектов к уровню прошлого года. Только по «Дорожной карте бизнеса-2020» на 2015 год выделено 3,8 млрд тенге. В сельском хозяйстве объем валовой продукции превысил 199 миллиарда тенге, что составляет 102,4 % к уровню прошлого года. Посевные площади увеличены до 926 гектаров. Радует урожай зерновых культур, риса, кукурузы, овощей. Впервые за много лет планируется получить 12 тысяч тонн сахара. Животноводы Жетысу увеличили поголовье КРС до одного миллиона, МРС до четырех миллионов голов.

Отдельно заместитель акима области остановился на строительстве жилья, которых в этом году возведено рекордное количество. Так, в эксплуатацию сдано 934 тыс. кв. метров это в 1,9 раза больше соответствующего периода 2014 года. Успешно реализуются и другие госпрограммы. В ходе видеоконференции выступили и руководители двух уникальных в своем роде предприятий: ТОО Металлургический комбинат «KazSilikon» Данель Скаков и завода по производству алюминиевых профилей ТОО «Aluminium of Kazakhstan» Жумабек Нурсултан.

Журналисты, принимавшие участие в брифинге (в том числе и по ту сторону экрана) интересовались у Серика Турдалиева о развитии туристического кластера, строительстве «Сухого порта» в специальной экономической зоне «Хоргос – Восточные ворота», возрождении исторического «Шелкового пути» сотрудничества с КНР и т.д. На все вопросы были даны исчерпывающие ответы. Талдыкорганское региональное представительство Службы центральных коммуникаций стало 8-ой онлайн площадкой в республике. До конца года планируется открыть, и в остальных регионах республики.

Саркыт ДАРКЕНБАЕВА

Дөңгелек үстел

Сейсенбі күні Қаратал аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасында білім саласындағы бірқатар проблемалық мәселелерді жан-жақты зерттеу және оларды шешу жолдарын қарастыру үшін, уәкілетті мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен дөңгелек үстел отырысы өткізілді.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТҮЙІНІ ТАРҚАТЫЛДЫ

Аталмыш жиында мектептерде оқу құралдарының жетіспеуі; ҰБТ ұйымдастыруы; мектептерде орын алған құқықбұзушылық; оқу орындарындағы берген білім сапасының төмендігі, білім беру объектілерінде оқушыларға медициналық қызмет көрсету және т.б. мәселелер қаралды.

Білім бөлімінің әдіскері А. Дюсембінов сұрақтарға толыққанды жауап беруге тырысып бақты. Алпамбай Молдағалиұлының айтуынша, былтырғы жылы оқу құралдарына 18 млн 770 мың теңге бөлінсе, биыл 45млн. теңгеден астам қаржы бөлініп, даярлық тобы, 4, 5, 6 – сыныптар 100% кітаппен қамтамасыз етілсе, 7 – сыныптың информатика кітабы жаңартылды. Келесі жылы 1,7, 8 – сыныптар 100% оқулыққа қол жеткізеді деп жоспарлануда. Аудан бойынша былтырғы жылы 312 түлек мектеп қабырғасынан ұшса, солардың 249 – ҰБТ тапсырды. Мектептердегі білім сапасы мүлдем төмен деп айтуға болмайды. Заманға сай технологиялар мен білім бағдарламалары да дамып, күрделенуде. Соған сәйкес ұстаздар да үздіксіз білім жетілдіру курстарынан өтіп, оқушыларға лайықты білім беруге тырысып бағуда. Дегенмен, қазіргі нарық үстемдік құрған уақытта ата-аналардың көбісі жұмыс басты болып кеткендіктен, балалар ұялы телефон, интернет тағы басқа толып жатқан пайдасынан гөрі зияны мол дүниелерге әуестеніп, оқуға деген құлшыныстарын сөндіріп алуда. Соның салдарынан

білім сапасы төмендеп кетті-деп Алпамбай Молдағалиұлы - өз ойын ортаға салды.

Білім ордаларындағы құқық-бұзушылыққа байланысты сұраққа Қаратал АІІБ ӘПБ-нің бастығының орынбасары, полиция аға лейтенанты Б.Қаймұлдамов толыққанды жауап берсе,



медициналық қызмет көрсету бойынша қойылған сауалдарға Пушкин ОМ-нің медбикесі Б.Телпекбаева тұщымды жауаптар берді.

Аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы К.Саитбаева отырыстың өткізілуіне ұйытқы болған Қаратал ауданы прокурорының көмекшісі Е.Ақбаевқа және де түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға атсалысқан барлық қатысушыларға ризашылығын білдірді. Дөңгелек үстел жұмысын аталмыш басқарма басшысының міндетін атқарушы Г. Бейсенбай жүргізіп отырды.

Л. ЖАНБОТА

Сауда үйлері мен дүкендер иелерінің және көпқабатты үй тұрғындарының назарына!

Қала бойынша бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын-алу мақсатында Сіздерден:

- Сауда үйлері мен дүкендерде бейнебақылау камераларын, ескерту сипатындағы тұрақты аудио және видеотрансляция хабарларын жеткізетін құрылғыларын орнату;
- Көпқабатты үйлердің кіре берісіне темір есіктерді орнату жұмыстарын жүргізулеріңізді сұраймыз.

Қала әкімі аппараты

27 қыркүйек - Еңбек күні о 27 сентября - День труда

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 қазандағы № 698 Жарлығымен қоғамдағы адам еңбегінің беделін өсіруге, өндіруші еңбекті ынталандыруға, жұмыс мамандықтарын насихаттауға және өндіріс саласына жастарды тартуға, жұмыс әулетіндегі көпжылдық дәстүрді нығайту мақсатында қыркүйектің соңғы жексенбісі «Еңбек күні» болып бекітілді. Бұл – әрбір қазақстандықтың адал, ақ ниетті, кәсіби жұмысы, оның келешекке қосқан үлесі.

ЕРДІҢ АТЫН ЕҢБЕК ШЫҒАРАДЫ

Еңбек - адам мен қоғамның өміріне және қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиімді материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталғандықтан, кәсіби мереке қарсаңында 35 жылға жуық табан аудармай металлургия саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан Бизақ Құрбанбаев жайлы сыр шертіміз келеді. Алматы облысы, Райымбек ауданы (бұрынғы Нарынқол ауданы), Қайнар ауылында туып өскен Бизақ Оқасұлы жүрек қалауымен техникалық мамандықты таңдап, 1981 жылы Қарағандының металлургия институтын бітіріп, жолдаммен Қаратал ауданы, Үштөбе қаласына келеді. Солжылы Бастөбе ауылдық округінде орналасқан Механикалық жөндеу зауытына конструктор болып жұмысқа орналасады. 1982 жылы металл құю цехына ауысып, сонда 30 жылға жуық табан аудармай еңбек етеді. 2010 жылы ұзақ жылғы адал еңбегінің арқасында аталмыш заводта цех басшысы болып тағайындалады. Әр жылдары еңбекте жетістіктерге жетіп, көптеген марапаттарға ие болады. Олардың ішіндегі ең үлкен марапаты «Тәуелсіздіктің – 20 жылдығы» медалі. Сол жұмыс ор-

нында 1982 жылы өмірлік жары Сәтен Шайленқызымен шаңырақ көтереді. Жолдасы да металлургия мамандығын бітірген, осы заводта талай жылдан бері жемісті еңбек етіп келеді. Жаратылысынан адалдық пен сабырлылықты ту етіп келе жатқан еңбек адамы - Бизақ Оқасұлы сүйікті жарымен бірге күміс қасықтай 1кыз бен, алтын асықтай 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы да жоғары білімді. Бір айта кетерлігі, қызы мен ұлдары әке-шешенің жолын қуып, металлургия болмай, басқа салаларда қызмет атқарып, ел экономикасы мен рухани әлеміне өз үлестерін қосып жүр. «Әке көрген оқ жанар» - демекші, Бизақ Оқасұлының өнегелі өмірін, тәлімді тәрбиесін, еңбекқорлығын көріп өскен Марат - Қаратал өңірінің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, халыққа қажетті шағын бизнестермен айналысып жүр. 2014 жылы «Домбыра жасау цехын» ашса, биыл аудан әкімінің қолдауымен «Автокинотеатр» ашып, қараталдықтарды қуантты. Табиғатынан қарапайым жаратылған Б.Құрбанбаев еңбектің қатпарлы да, соқпақты жолдарында бір қалыпты, сабырлы болмысынан айнымады. «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды» - дегендей,



сұхбат барысында, кейіпкеріміз «Неге мені таңдадыңыздар, менен басқа да талай жыл еңбек етіп жүрген жандар көп қой!? Менің еңбегім ел үшін, халық үшін пайдаға жарап жатса қуанамын, ол менің азаматтық борышым, өзін туралы сіздерге қалай айтамын?», - деп, біраз қиналып қалды. Халқымыздың «Еңбек ет те, міндет ет» деген даналығын өзіме серік етіп, үнемі айтып жүремін. «Адам қай жерде, қай салада қызмет етпесін, ол туған елінің гүлденіп, дамуы үшін игілікті жұмыс істеуі қажет. Сондықтан әріптестерімді төл мерекелерімен құттықтай отырып, ең алдымен шыдамдылықты, табандылықты ту етіп, еңбектің құлы болып, ауданымыздың өркендеуіне сүбелі үлес қоса беріңіздер, еңбек пен бақыт егіз екенін ұмытпаңыздар» - деді. Өңіміне барысында Бизақ Оқасұлының игі істерімен тұжырымды ойларын тыңдай отырып, Ұлы ғұлама Леонардо да Винчидің «Көп еңбек еткенге бақыт басын меді» деген даналығының бекер айтылмағанына көз жеткізді.

Лида ЖАНБОТАҚЫЗЫ

К хлебу с душой

- В Каратальском районе есть немало предприятий, занимающихся выпечкой хлеба. Однако, далеко не каждое из них способно радовать население своей продукцией. Но, к счастью, есть здесь и добросовестные производители, в число которых входят и хлебопеки крестьянского хозяйства «Айдын», чей товар как в городской, так и в сельских местностях всегда пользуется высоким спросом.

Данное предприятие, специализирующееся на производстве хлеба, было основано местной предпринимательницей Шолпан Алимжановой в 1997 году. В настоящее время, в смену здесь выпекают почти 1500 булок хлеба, сырьем для которого служит мука Уштобинского мукомольного комбината и выделяемая со стабилизационного фонда (социальная). В производстве задействовано современное импортное оснащение, в частности тестомес и печи (марки ХПЭ – 500). Далее, руководитель предприятия представила нам одну из лучших своих пекарей Айсулу Жунусбаеву и ее помощницу Нурболу Жаксыбаеву.

Хлеб, такой продукт, который очень чувствует настроение человека. Если придешь на работу чем-то расстроенной, он тут же выдаст ответную реакцию, противоположную ожидаемой. Поэтому, за любой процесс в его изготовлении нужно брать только с любовью и хорошим настроением, тогда и булки, вынимаемые из печи будут ароматными, румяными и вкусными, - улыбаются Айсулу. Также, на особом счету у руководства пекарь Оксана Плотникова. Хотя и другие ее коллеги: Камшат Далашева, Роза Дауренбекова равняясь на передовиков, с каждым годом все более повышают свой профессионализм, вместе со своими помощницами: Любовью Курниковой и Гулей Шариф – Оглы. На сегодняшний день, продукция этого дружного коллектива (именуемая в народе «Жумашевский хлеб») успешно реализуется почти в 30 торговых точках города Уштобе и 15 расположенных в сельских округах.

В ближайшем будущем, в крестьянском хозяйстве, занимающимся также разведением племенного крупно – рогатого скота, планируется расширение вышеуказанного производства. Это позволит не только увеличить количество выпекаемых буханок хлеба, но и дополнительно открыть новые рабочие места.

Н. ИВАНОВА



ҰЛТТЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

Өткен аптада Нұр Отан партиясының Қаратал аудандық филиалында «Ұлттық отбасы күні» тақырыбында отырыс болып өтті.

Берік Абақовтың төрағалығымен өткен қабылдауға көпбалалы аналар: Д.Алишева, К.Ибраимова, А.Дамдыбаева, М.Шүкіровалар арнайы шақырылды. Сонымен қатар аудандық АХАЖ бөлімінің басшысы Г.Түменбаева, қала әкімі Қ.Есботанов, әділет басқармасының басшысы Б.Қоғамов, әйелдерді қорғау орталығының басшысы Л.Седова, №51 ОМГ-нің психологы М.Исағалиева, «Партияның 50 тұлғасы» жобасына қатысушы Ғ.Ұзақбай, білім бөлімінің жетекші маманы Ә.Сембекова және аудандық қос басылымның редакторлары қатысты. Аталмыш отырыстың

күн тәрм назарын отбасы мәселеліріне, әсіресе жас, толық емес, көп балалы отбасыларына және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға, ардагерлерге аударту және басқа да өзекті сұрақтар қаралды.

Жиынға қатысушылардың алдында сөз алған Б. Абақов «Отбасы дегеніміз – бұл қиыншылықтан құтқарушы, қатыгез әлемнен қорғайтын алынбайтын қамал. «Нұр Отан» партиясының саяси доктринасында отбасы – біздің қоғамымыздың құндылықтарын сақтаудың аса маңызды институты делінген. Ұрпақтар сабақтастығы, жасы үлкендерге құрмет көрсету, балаларға қамқор болу, өзара қолдау дәстүрі, еңбек сүйгіштік пен білімге құштарлық дәл отбасында қалыптасады деп айтылған. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің мәліметтері бойынша, 2009 жылмен салыстырғанда бүгінгі таңда әйелдер арасындағы өлім-жітім 3 есеге, нәрестенің шетінеуі 1,8 есеге

азайған. Орта есеппен алғанда елімізде ерлердің өмір сүру ұзақтығы – 65 жасқа, ал әйелдерде – 75 жасқа жетті. Соңғы 10 жыл ішінде бала туу 25 % - ға, ал шала туған балалардың өмір сүруі біршама өсті. ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні». Қымбатты ақжаулықты аналар, баршаңызды аталмыш мерекемен құттықтаймын. Шешімін таппай жүрген мәселелеріңіз болса, көмектесуге, қол ұшын созуға дайынбыз», - деді. Сонымен қатар, шарада отбасы құндылықтары жайлы пікірлер де көтерілді. Келген қонақтар көпбалалы аналарға тілегін айтып, жандарына ізгілік нұрын септі. Өз кезегінде алтын құрсақты аналар отырысты ұйымдастырушыларға ақ тілектерін ақтарды. Отырыстың төрағасы Б.Абақов көпбалалы аналарға ілтипат көрсете отырып, барлық қатысушыларға ризашылығын білдірді.

С.СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ

"Мектепке жол" акциясы

Қайырымды жүрек, жомарт қол



Қайырымдылық жасау – қажет болса, көмек қолын созу адамзат арасындағы ең асыл қасиет екендігі белгілі. Жыл сайын ауданымызда 1 - тамызбен 30 - қыркүйек аралығында аз қамтылған отбасының балаларына қолдау көрсетуге арналған, дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Шараның басты мақсаты – аз қамтылған, көп балалы отбасылар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептермен мектепке бара алмай қалу фактілерінің алдын-алу болып табылады. Осы мақсатты орындау барысында А. С. Пушкин атындағы орта мектептің әкімшілігі мен ауданымыздың азаматтары, кәсіпкерлері, шаруа қожалықтары өз үлестерін қосып, балаларға қол ұштарын созды.

Орталық аланда білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Балаларға бірге көмек берейік» үндеуімен өткен аталмыш қайырымдылық шарасында мектебіміздің 15 оқушысына материалдық көмек көрсетілді. Атап айтсақ, «Үштөбе-Жаңалық» ЖШС басшысы Мұрат Ерасылұлы Төлебаев мектепке қажетті киім-кешекпен және мектеп жабдықтарымен бірқатар балаларды қамтамасыз етсе, ауданымыздың бас имамы Әбудардан Таласбай спорттық киімдер мен оқу құралдарын сыйға тартты.

А.С. Пушкин атындағы МДШО бар орта мектеп директоры Дариға Дүкежанова алғашқы қоңырау мерекесінде балаларға көмек көрсеткен қолы ашық, жүрегі жылы азаматтарға өз ризашылығын айтып, оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтай келе, туған елінің лайықты азаматы болып өсулеріне тілектестігін білдірді.

Г. НҮРЕКЕНОВА, А.С. Пушкин ОМ директорының орынбасары

На 92-ом году жизни скончался ветеран Великой Отечественной войны, Герой Советского Союза, Косенков Иван Васильевич.

Личный состав Департамента по делам обороны Алматинской области и Алматинский областной филиал РОО «Ветераны Вооруженных Сил», а также личный состав отдела по делам обороны Каратальского района скорбит и выражает глубокие соболезнования родным и близким покойного.

Косенков Иван Васильевич прошел героический боевой путь в годы Великой Отечественной войны и в мирное время продолжал трудиться на благо нашей Родины, воспитывал молодое поколение в духе патриотизма и беззаветного служения Отечеству.

ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ ОБ ИВАНЕ ВАСИЛЬЕВИЧЕ НАВСЕГДА ОСТАНЕТСЯ В НАШИХ СЕРДЦАХ.

Страницы истории

(Окончание. Начало в № 36, 37)

Операция «Валькирия»

Вскоре вслед за тем он доложил Кейтелю, что ему необходимо переговорить по телефону, вышел из помещения и направился прямо к генералу Фельгибелью, где его уже ожидал с автомашины Вернер фон Хефтен. «Ни один специалист не сомневался в том, что в помещении с толстыми или тонкими стенками предназначенная для этой цели взрывчатка... сделает свое дело до конца». Однако человек предполагает, а Бог располагает. Тем временем Хойзингер продолжал доклад. Полковник Брандт, заместитель Хойзингера, желая подойти поближе к карте, задел ногой помешавший ему портфель Штауффенберга и переставил его по другую сторону подставки стола — подальше от Гитлера.

Поскольку Штауффенберг должен был докладывать сразу же после Хойзингера, но все еще не вернулся, Буле вышел из помещения, чтобы позвать его. Однако телефонист сказал ему, что полковник ушел. Пораженный Буле вернулся в помещение, В 12 часов 42 минуты — Хойзингер как раз произносил заключительные слова — бомба взорвалась.

Штауффенберг, Хефтен и Фельгибель увидели пламя взрыва и были твердо убеждены в том, что Гитлер убит. Взрыв был такой силы, словно в комнате разорвался 150-миллиметровый снаряд, заявил позже Штауффенберг в Берлине. Штауффенберг и Хефтен вскочили в машину, которая через минуты две остановилась у офицерского караула. Охрана сначала отказалась пропустить их, но Штауффенберг сослался на вымышленный телефонный вызов и заявил, что имеет разрешение на выезд. У наружного поста с южной стороны обоих офицеров снова остановили. Однако Штауффенберг не растерялся и тут же позвонил ротмистру фон Меллендорфу, который по телефону подтвердил дежурному шарфюреру СС наличие

разрешения на выезд. Чуть позже 13 часов Штауффенберг достиг аэродрома. По дороге Хефтен демонтировал запасную бомбу и выбросил ее. В 13 часов 15 минут самолет поднялся в воздух и взял обратный курс на Берлин, где должен был приземлиться около 16 часов. В течение почти трех часов Штауффенберг вынужден был бездействовать, и эти три часа оказались роковыми для предпринятого им дела. Что же произошло за эти три часа в Берлине — в центре заговора?

Взрыв в помещении для совещания произвел большое разрушение: стол разлетелся на куски, потолок частично рухнул, оконные стекла были выбиты, рамы вырваны. Одного из присутствовавших взрывной волной выбросило в окно. И тут генерал Фельгибель, который должен был по телефону сообщить на Бендлерштрассе об успешном покушении, к ужасу своему увидел: покрытый гарью, в обгорелом и изодранном в клочья мундире, опираясь на Кейтеля и ковыляя, Гитлер выходит из дымящегося барака! Кейтель довел Гитлера до своего бункера и приказал немедленно вызвать врачей. Гитлер получил ожоги правой ноги, у него обгорели волосы, лопнули барабанные перепонки, правая рука была частично парализована, но в целом травмы оказались легкими.

Из участников совещания один — стенографист Бергер — был убит на месте; трое — полковник Брандт (как уже указывалось, заместитель Хойзингера), генерал Кортен, начальник штаба оперативного руководства ВВС, генерал-лейтенант Шмундт, шеф-адъютант вермахта при Гитлере и начальник управления личного состава сухопутных войск — вскоре скончались от полученных травм. Генерал Боденшац, офицер связи главнокомандующего ВВС при ставке фюрера, и полковник Боргман, адъютант Гитлера, получили тяжелые ранения. Все остальные отделались легкими ранениями или же не пострадали.

Трибуна прокурора

«Нұрлы жол – Путь в будущее» – масштабная программа развития

Лидер нации Нурсултан Назарбаев 11 ноября 2014 года на политсовете партии «Нур Отан» обратился с Посланием «Нұрлы жол - Путь в будущее» к народу Казахстана, в котором он обозначил ключевые моменты нового курса, новой экономической политики Казахстана.

Глава государства первым среди мировых лидеров продемонстрировал выдающееся качество оперативно принимать решения стратегического характера при высоких темпах перемены. Актуальность масштабного Плана инфраструктурного развития, объявленного президентом, продиктована необходимостью адекватного реагирования на признаки нестабильности в мировом развитии.

Послание Президента РК стало ответом Казахстана на глобальные вызовы. Как отметил Глава государства, оглашение Послания связано с непростыми процессами в мировой экономике, геополитическим кризисом и предстоящими изменениями в мировой архитектуре,

ЭКСТРЕМИЗМ И ТЕРРОРИЗМ

Религия в жизни каждого человека и в истории мировых цивилизаций в целом, всегда занимала определенное место. В современном процессе глобализации, информатизации и культурной интеграции религия берет на себя функцию института, который должен сохранять нравственность и мораль всего общества.

Казахстан в последние годы обрел неформальный статус мирового центра межэтнического и межконфессионального согласия, где живут в мире представители разных конфессий и этносов. Межконфессиональный мир, мирное межэтническое взаимодействие, баланс между традицией и инновацией, стали важными факторами сохранения Казахстанского государства.

Сегодня вместе с развитием мировых и традиционных религий появилось немало миссий, религиозных организаций нетрадиционного толка, миссионеры и проповедники, которые проводят активную агитационно-пропагандистскую работу по привлечению молодежи в религиозные организации не только деструктивного, но и экстремистского направления.

Деятельность таких организаций, доктрины большинства которых прямо призывают к насилию над людьми (физическому или психологическому), идёт вразрез с законами нашего государства. Пропагандируя свои идеи, они ловко привлекают юношей и девушек в свои сети, отправляя многих на учебу за границу, где молодежь вовлекается в экстремистские или откровенно террористические организации.

Экстремизм, особенно религиозный, использует подмену истинных ценностей и представлений о добре и зле ложными, выступая с идеей спасения человека так называемым улучшением жизни.

Для многонационального Казахстана экстремизм, основанный на религиозных или этнических основаниях, особенно опасен.

Е. КУСМОЛДАНОВ, ст. прокурор прокуратуры Каратальского района

которые пройдут только сильные государства, сплоченные народы.

Стержнем новой экономической политики станет план инфраструктурного развития, рассчитанный на пять лет. Он особо подчеркнул, что новая экономическая политика носит контрциклический характер и призвана обеспечить стабильное развитие государства и общества в предстоящий непростой период.

«Мы - часть мировой экономики, ближайшие годы станут большим испытанием. Этот рубеж смогут перейти только сильные и сплоченные страны. Я объявляю о новой экономической политике Казахстана «Нұрлы жол». Все средства от природных ресурсов мы откладывали в Национальный фонд. Сейчас этот фонд нам поможет пережить трудные времена» - отметил в своем выступлении Глава государства.

В Послании затронуты не только глобальные цели и задачи, но и отмечены социальные вопросы, такие как поддержка малого и среднего бизнеса, строительство новых школ и детских садов и т.п. Отдельного внимания заслуживают озвученные в Послании задачи, которые помогут нашей стране войти в 30-ку развитых стран мира. Они дают стимул трудиться на благо страны, с честью исполнять свой гражданский долг.

Еркин АКБАЕВ, помощник прокурора Каратальского района

Роль и место прокурора в уголовном процессе

За 20-летний период действия Конституции РК сформирована и успешно развивается правоохранительная система, в которой особое место занимает прокуратура.

Отправной точкой в истории становления прокуратуры суверенного Казахстана стал введенный в действие постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 17 января 1992 года Закон «О прокуратуре Республики Казахстан». Этим законом прокуратура провозглашена государственным органом, осуществляющим высший надзор за исполнением законов.

В соответствии со ст. 83 Основного Закона прокуратура от имени государства осуществляет высший надзор за точным и единообразным применением законов, указов Президента и иных нормативных правовых актов на территории РК, за законностью оперативно-розыскной деятельности, дознания и следствия, административного и исполнительного производства. Опротестовывает законы и другие правовые акты, противоречащие Конституции и законам республики, а также представляет интересы государства в суде и в пределах, установленных законом, осуществляет уголовное преследование.

Таким образом, Конституция укрепила положение и статус прокуратуры, фундаментально определив ее место и роль в системе госорганов.

В соответствии с Конституцией полномочия прокуратуры в суде сводятся к двум функциям. Это представительство интересов государства в суде, то есть участие прокурора в судебном процессе, и право принесения протеста на незаконные судебные постановления.

Поддерживая обвинение, прокурор руководствуется требованиями закона и своим внутренним убеждением, основанным на тщательном изучении всех материалов уголовного дела, проверенным в суде.

Кроме того немаловажную роль играет прокурорский надзор на право человека на судебную защиту своих прав и свобод. В частности, прокурор в соответствии со ст. 58 УПК РК, обязан осуществлять надзор за законностью деятельности всех участников уголовного судопроизводства на всех стадиях уголовного процесса. Прокурор осуществляет свои обязанности, независимо от каких бы то ни было органов и должностных лиц, подчиняясь только закону.

В нынешних условиях возрастает роль прокуратуры по обеспечению неукоснительного соблюдения законности при осуществлении уголовного судопроизводства.

М. АБДЫКАЖЫМ, прокурор прокуратуры Каратальского района

Убиты или тяжело ранены оказались почти исключительно те, кто стоял справа от подставки стола. Совершенно ясно: в результате того, что полковник Брандт переставил портфель с бомбой к правой стороне подставки стола, направление взрыва в значительной мере изменилось.

Только так можно объяснить, почему Гитлер, который к тому же в момент взрыва так наклонился над столом, что почти лежал на нем (он был близорук), остался в живых. Оправившись от шока, Гитлер и его окружение стали готовиться к назначенному на послеобеденное время визиту Муссолини в ставку Верховного главнокомандования. Увидев Гитлера живым, Фельгибель от условленного звонка в Берлин отказался.

Ведь по имевшейся договоренности он должен был сообщить, состоялось ли покушение или нет. Но то, что Гитлер уцелеет, предусмотрено не было. Штифф решил, что ввиду этого государственный переворот начинать не следует и теперь надо лишь позаботиться о безопасности — своей собственной и других заговорщиков. Так центр заговора в Берлине больше трех решающих часов не получал никаких известий. Через полчаса после покушения в «Волчьем логове» появился извещенный о происшедшем Гиммлер, который находился в своей ставке на озере Мауэрзее, и сразу же начал расследование. Он потребовал от Главного управления имперской безопасности в Берлине прислать самолетом специалистов-криминалистов. Геббельс, который в это время был в Берлине, получил после 13 часов телефонное сообщение, что произошло покушение, но Гитлер жив. Затем всякая связь между Растенбургом и внешним миром на два часа прекратилась. Гитлер приказал запретить передавать любую информацию из ставки. Это обстоятельство могло бы даже сыграть на руку заговорщикам, поскольку Фельгибель и без того имел задание не допустить никакой связи со ставкой.

В результате начатого Гиммлером расследования все серьезнее стали подозревать Штауффенберга: его поведение, а особенно внезапное исчезновение казалось теперь

подозрительным и Кейтелю. Но пока еще никто из окружения Гитлера не предполагал, что речь идет не о покушении одного отдельного лица, а о заговоре.

А тем временем в ОКХ на Бендлерштрассе генерал Ольбрихт и его ближайшие соратники тшетно ожидали сигнала действовать — телефонного звонка из Растенбурга. И все-таки они начали действовать по плану «Валькирия» — захватывать узлы связи, транспортные артерии, радиостанции. Но и эти действия были непоследовательны, поскольку спустя два часа стало известно, что Гитлер жив, и часть участников заговора предпочла отсидеться, ничего не предпринимать, авось пронесет нелегкая.

Разрабатывая план, Штауффенберг и Ольбрихт рассчитывали, что войсковые части будут действовать быстро и точно, а это зависело от офицеров, которые, узнав о восстании Гитлера, засомневались.

В тот же вечер заговорщики были схвачены. Тогда же состоялся военно-полевой суд, который приговорил четырех вождей восстания к расстрелу: полковника МерцаКвирингема, генерала Ольбрихта, полковника Штауффенберга и Хефтена. Четырех приговоренных вывели во двор около полночи. Хефтен поддерживал ослабшего от ранения Штауффенберга. Место казни освещалось фарами военного грузовика. Граф Клаус Шенк фон Штауффенберг погиб с возгласом: «Да здравствует священная Германия!». Он погиб накануне своего 37-летия, и пророческими оказались слова его соратника Фрица Шуленбурга, сказанные в тот вечер незадолго до ареста: «Немецкому народу, видно, придется испытать эту чашу до дна. Мы должны пожертвовать собой. Позже нас поймут».

Подверглись пыткам и были казнены еще сотни и сотни других людей, участников заговора прямых и косвенных и вовсе не имевших о нем представления, просто Гитлер решил заодно избавиться от всех своих врагов (как Сталин после убийства Кирова). Но Германию уже ничем нельзя было повернуть с гибельного пути.

По материалам книги «100 великих казней»